

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 193 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 2 ақпан N 178

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жыныстық жолмен берілетін аурулардың алдын алу және оларға бақылау жасау жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 наурыздағы N 193 P990193_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 7, 55-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1) тақырыптағы және 1-тармақтағы "1999-2000 жылдарға арналған" деген сөздер "1999-2002 жылдарға арналған" деген сөздермен ауыстырылсын;
- 2) көрсетілген қаулымен бекітілген Жыныстық жолмен берілетін

аурулардың алдын алу және оларға бақылау жасау жөніндегі 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламада:

тақырыптағы "1999-2000 жылдарға арналған" деген сөздер "1999-2002 жылдарға арналған" деген сөздермен ауыстырылсын;

3.3. "Тері-венерологиялық мекемелердің қажетті материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету, медициналық және дәрі-дәрмектік көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар" бөлімінде:

реттік нөмірі 3.3.1-жолда:

4-бағандағы "2000 жылдың IV тоқсаны" деген сөздер "2002 жылдың IV тоқсаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3.3.4-жолда:

4-бағандағы "Ұдайы" деген сөз "2001 жылдың ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3.4. "Білім беру кешенінің іс-шаралары" бөлімінде:

реттік нөмірі 3.4.2-жолда:

4-бағандағы "2000 жылдың IV тоқсаны" деген сөздер "2002 жылдың I тоқсаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

3.10. "Қазақстанда ЖЖБА диагностикасын, терапиясын, алдын алуын

жетілдіру бойынша іс-шараларды зерделеу мен әзірлеу саласындағы медицина

ғылымының міндеттері" бөлімінде:

реттік нөмірлері 3.10.1, 3.10.2, 3.10.3, 3.10.4-жолдарда:

4-бағандағы "2000 жылдың IV тоқсаны" деген сөздер "2002 жылдың I тоқсаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

3.11. "Ақпарат және халықаралық ынтымақтастық саласындағы міндеттер" бөлімінде:

реттік нөмірі 3.11.2-жолда:

4-бағандағы "2000 жылдың III тоқсаны" деген сөздер "2002 жылдың ішінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.